

**АТЫРАУ ИНЖЕНЕРЛІК – ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының  
2017-2018 оқу жылында атқарылған оқу - әдістемелік,  
ғылыми және тәрбие жұмыстары бойынша**

**Е С Е Б І**

**Атырау, 2018**

## **1. Студенттер контингенті**

Институтта ай сайын студенттер контингенті қозғалысының есебі жүргізіледі. Студенттердің жылдық қозғалысы 3-НК статистикалық есебінде көрсетіледі. Институттағы арнайы бакалавриат студенттерінің білім алу контингенті жасақталған (күндіз, сырттай оқу жормалары).

Білім алушылар контингенті 2017-2018 оқу жылының соңында 1536 адамды құрады, оның ішінде күндіз оқу бөлімі бойынша – 1049, сырттай оқу бөлімі бойынша-487. Мемлекеттік тілде 1058 студент білім алады, яғни бұл, жалпы білім алушының 68,8 пайызын құрайды.

1 курсқа студенттерді қабылдау және қайта қабылдау жоғары оқу орындарына қабылдаудың Типтік Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. 2017-2018 оқу жылында 529 студент оқуға қабылданды.

Жоғары оқу орындарының тиімді қызметі көрсеткіштерінің бірі білім алушыларды түлекке шығаруды қамтамасыз ету деңгейі болып табылады. Биылғы оқу жылында институт бойынша жалпы түлектердің күндізгі оқу бөліміндегі түлектері 86,8 (барлығы 424 студенттен, жіберілгені 367 адам) пайызын құрады, яғни бұл өткен оқу жылында 86,5 пайызын құраған болатын.

Жаңа оқу жылының басында институттағы студенттер контингентінің қозғалысы академиялық демалыстан шыққан, оқу жылына қайта қалдырылған, қайта қабылданған, ауысқан, оқудан шығарылған студенттер нәтижесінде жүргізіледі. Контингент қозғалысы ай сайынғы сандық контингентте, жылдығы 3-НК статистикалық формасында көрсетіледі.

Студенттерді оқуға қайта қабылдау және ауыстыру ҚР БЖҒ Министрлігінің 20.01.2015 жылғы №19 бұйрығымен бекітілген «Білім беруді ұйымдастыру типі бойынша білім алушыларды қайта қабылдау және ауыстыру ЕРЕЖЕСІ негізінде жүргізіледі».

## **2. Оқу әдістемелік жұмысы**

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор құрылымдарымен мынадай жұмыстар атқарылды:

- бөлімдердің жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту;
- институттың әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары дайындау, және оның құрамын бекіту;
- кафедралардың ОӘЖ жұмыс жоспарларын бекіту;
- 2017-2018 оқу жылына арналған штаттық ПОҚ құрамының сабақ кестесін дайындау, тұжырымдық бекіту және бақылау жүргізілді;
- деканаттармен оқу сабақтарының кестесі әзірленіп, бекітілді;
- емтихан сессияларының кестелері әзірленді және бекітілді;
- қабылдау комиссиясының жауапты хатшысынан 1-курс студенттерінің жеке іс қағаздары қабылданды;
- факультет, оқыту бөлімдері, және курс бойынша студенттердің сандық контингенті даярланды;
- факультет деканаттарымен күндізгі оқу бөлімінің 1-курс студенттеріне сынақ кітапшасы мен студенттік билеттерін табыстау ұйымдастырылды;
- күндізгі және сырттай оқу бөлімінің 1-курс студенттерінің элективті пәндерге жазылуын ұйымдастыру жүргізілді;

- ВОУД өткізу үшін ҰТО-ға бітіруші студенттер бойынша деректер базасы жасақталды;
- бекітілген 3-НК үлгісі бойынша статистикалық есеп құрылып, тапсырылды;
- студенттерге академиялық демалыс беру жөнінде, оқуға қайта қабылдау, курстан -курсқа көшіру бұйрықтары жасақталып, бекітілді;
- басқа ЖОО ауысқан студенттер бойынша құжаттар құрылып, ЖОО-на сұраныстар таратылды. Оқу жылының басында 1-4 курс студенттерінің жеке іс құжаттарына бекітілген талаптарға сәйкестік бойынша тексеріс жүргізілді;
- Ғылыми кеңеске мамандықтар бойынша дипломдық жобалардың (жұмыстардың) тақырыптары туралы мәлімет ұсынылып, бітіруші студенттердің дипломдық жоба тақырыптарын бекіту туралы бұйрық дайындалып, бекітілді. (28.11.2017 ж. бұйрық № 233/a/)
- 2017-2018 оқу жылына арналған мемлекеттік аттестаттау комиссиясы МАК төрағалары мен құрамын бекітілді. (04.10.2017 ж. бұйрық № 216/a/)
- 2017-2018 оқу жылындағы мамандықтардың дипломдық жұмысты /жобаны/ қорғау және мемлекеттік емтихандарды өткізу графигі бекітілді(05.04.2018ж.);
- «ЕСУВО» автоматтық базасының толтырылуы оқу бөлімінің қызметкерлерімен іске асырылды;
- бекітуге барлық оқыту бөлімдері /нысаны/, курстар, және мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарлары жинақталып, әзірленді;
- 2017-2018 оқу жылына арналған оқу жүктемесінің есебін тексеру жұмыстары жүргізілді;
- Оқу жұмысы бойынша және білім алушылар контингенті туралы ҚР БЖҒМ, ректоратқа, түрлі мекемелерге, кәсіпорындарға мәлімет әзірлеу жұмыстары жүргізілді,

**Білім беру бағдарламасы.** Институтта 10 бакалавриаттың (мамандық) 10 білім беру бағдарламаларын дайындап, жүзеге асырылады. 2 факультет бойынша 4 арнайы және 1 жалпы білім беру кафедралары қызмет етеді.

Барлық бакалавриат мамандықтары типтік оқу жоспарларымен толықтай қамтамасыз етілген.

Оқу жылының ұзақтығына байланысты әрбір білім беру бағдарламасы үшін оқу жұмыс жоспарлары жасақталып, бекітілген. Оқу жұмыс жоспарлары мамандықтың типтік оқу жоспары, элективтік пәндер каталогы негізінде оқу жылына жасақталады. ЖО МБС 12- тармағына сәйкес «Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы, пәнді оқытудың модульдік жүйесі негізінде жасақталады». КТО ережесіне сәйкес (2.06.2014 жылғы №198 бұйрығымен өзгерістер енгізілген). 2014 және 2015 оқу жылында оқу жұмыс жоспарлары модульдік принцип бойынша жасақталды. Модульдік білім беру бағдарламасын жасақтаудағы негізгі талаптар институттың Әдістемелік кеңесінде тыңдалды.

Күндіз оқу бөліміндегі мамандықтар бойынша оқу-жұмыс жоспарлары оқу үрдісін ұйымдастыру бөліміне тапсырылып, әдістемелік кеңестің (15.06.2017 жыл №5 хаттама) мәжілісінде оқу-ісі жөніндегі проректор мен келісіліп, институттың ғылыми кеңесінде (20.06.2017 ж №11 хаттама) институт ректорымен бекітілді.

